

ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ: сот төрелігіне қолжетімділікті арттыратын мүмкіндік



Қазіргі таңда сот жүйесін жетілдіру, азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ету және сотқа жүгіну рәсімдерін барынша ыңғайлы ету – маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта қолданылып жүрген тетіктердің бірі – эксаумақтық соттылық.

Эксаумақтық соттылық дегеніміз – заңда белгіленген жағдайларда талап-арызды немесе азаматтық істі талап қоюшының не жауапкердің тұрғылықты жеріне ғана байланыстырмай, басқа аумақта орналасқан сотқа беру мүмкіндігі. Бұл қағида сотқа жүгінушілер үшін бірқатар қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі соттылық кезінде істің қай сотта қаралатыны көбіне тараптардың тұрғылықты жеріне, заңды тұлғаның орналасқан жеріне немесе даудың мән-жайына байланысты анықталады. Ал эксаумақтық соттылық сот істерін қарау кезінде жүктемені тиімді бөлуге, соттардың жұмысын оңтайландыруға және азамат-

тардың өз құқықтарын қорғау мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

Мұндай тәртіптің азаматтар үшін тағы бір артықшылығы – сотқа жүгіну процесінің жеңілдеуі. Қазіргі цифрлық технологиялардың дамуы сот ісін электронды сипатта жүргізуге мүмкіндік беріп отырғандықтан, тараптардың істің қаралатын сотының орналасқан жеріне физикалық түрде бару қажеттілігі де азая түсуде.

Эксаумақтық соттылық сот жүйесіндегі жүктемені теңестіруге де ықпал етеді. Кейбір соттарда істер санының шамадан тыс көп болуы сот процестерінің созылуына әсер етуі мүмкін. Істерді белгілі бір тәртіппен басқа соттарға бөлу арқылы соттардың жұмысын оңтайландыруға және сот төрелігін уақтылы жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Бұл ретте эксаумақтық соттылық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын өзгертпейді. Сот талқылауы заң талаптарына сәйкес жүргізіледі, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қамтамасыз

етіледі. Яғни, істің басқа аумақта орналасқан сотта қаралуы сот төрелігінің тәуелсіздігі мен заңдылығына нұқсан келтірмей тиіс.

Азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі – құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызды бөлігі. Сондықтан сотқа жүгінетін әрбір азамат істің соттылығы, талап қою тәртібі және сотқа ұсынылатын құжаттар жөніндегі талаптарды алдын ала білгені жөн.

Қорытындылай келе, эксаумақтық соттылық – сот төрелігін ұйымдастырудың заманауи әрі тиімді тетіктерінің бірі. Оның басты мақсаты – сот жүйесінің тиімділігін арттырумен қатар, азаматтардың құқықтарын қорғауға қолжетімді жағдай жасау. Сот төрелігі халыққа неғұрлым жақын, түсінікті және қолжетімді болған сайын, қоғамның сот жүйесіне деген сенімі де арта түседі.

С.ТАНАТАРОВА,
Жаңақала аудандық соты
әкімшісінің басшысы

Еске алу



Жаңақала ауданы, кіші Айдархан елді мекенінің тұрғыны болған, аяулы қызымыз, қимас бауыр **Жеміс Ермұханқызының** өмірден озғанына 2 жыл болуына орай қимастықпен еске аламыз.

Сағыныш булап, сезім санамызды,
Бөліп тұр пәни, бақи арамызды.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа,
иманың жолдас болсын жан құлыным! Сенің жарқын бейнең біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Сағынышпен еске алушылар:
анасы, бауырлары, жиендері

Сакко атындағы орта мектепті бітіргенімізге 55 жыл толуына орай білім мен тәрбие берген сынып жетекшілеріміз **Клара Абдолқызы** мен **Төлеген Тастайұлын** және сыныптас, құрдас достарымыз **Тұрсын Төлепқызы**, **Серік Бектілеуұлы**, **Ғалия Қайырғалиқызы**, **Әлия Қасайынқызы**, **Ұлғаным Рамазанқызы**, **Қанатқали Сәрсенғалиұлы**, **Талшын Жұмақанқызы**, **Марат Қуантайұлы**, **Ысқақ Қадырқұлұлы**, **Өтеген Елеуұлы**, **Төлеген Қожахметұлын** сағынышпен еске аламыз. Олардың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Сағына еске алушылар:
1971 жылғы мектеп бітірген түлектер



Жаңақала ауылының тұрғыны болған **Аймухашева Ардақ Халелқызы** ортамызда болса – 13 тамыз 55 жасқа толар еді. Аяулы әже, сүйікті ана, адал дос, қамқор жанды сағына еске аламыз. Ардақты апажанының жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Өзегіміз өртеніп, жүрегіміз тулайды,
Көңіліміз әлі де қара жерге қимайды.
Өмір мәнсіз, дүние бос боп қалады өзіңсіз,
Арамызда жоқтығың жанымызды қинайды.

Еске алушылар : Башановтар әулеті

ШЖҚ «Ауданаралық сауықтыру ауруханасы» оңалту орталығы» МКК ұжымы және «SENIM» кәсіподақ ұжымы әріптестеріміз **Жұмағали Төлеуғалиұлы Кенжебаевқа** ардақты

әкесі,

Жаңылдық Бақытжанқызы Қайырғалиеваға қайын атасы **Төлеуғали Кенжебайұлы Жаманкуловтың** өмірден өтуіне орай, қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Жаны жәннатта, иманы жолдас болсын. Жанұясына сабыр берсін.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бәйтерек» ШҚ, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 21.08.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде «Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Қызылоба ауылдық округі, Хафиз қыстағында орналасқан «Бәйтерек» ШҚ-ның 1000 бас ірі қара малға арналған мал шаруашылығы» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакеті ақпараттық жүйеде орналастырылған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде қабылданады. <https://ndbecology.gov.kz/>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КХ «Байтерек», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что с 21.08.2026 в течении 5 рабочих дней будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Охрана окружающей среды» для «Животноводческого хозяйства на 1000 голов крупного рогатого скота КХ "Байтерек", расположенного по адресу: зимовка Хафиз, Кызылобинский с.о., Жангалинского района Западно-Казахстанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе для предоставления замечаний и предложений <https://ndbecology.gov.kz/>.

Меншік иесі: “Жайық Пресс” ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

“Жайық Пресс” ЖШС
Жаңақала аудандық “Жаңарған өңір”
қоғамдық-саяси газетінің
директор-редакторы
Зара ЖӨРДЕМОВА

Газет ҚР Байланыс және ақпарат
министрлігінде 2012 жылғы 19 қаңтарда
тіркеліп №12261-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор
пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы
болып есептелмейді. Редакция оқырман
хаттарына жауап бермейді, оны қайтар-
майды. Деректердің дәлдігі үшін автор
жауапты.

Мекенжайымыз:
090400 Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы,
М. Мәметова көшесі, 4-үй, 2-қабат, 4, 23,
24, 26-бөлмелер. Телефон (факс) 21-7-55.

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар
ақылы болып есептеледі.

Газет “Жайық Пресс” медиахолдингіде
компьютерлік әдіспен теріліп, беттелді.
“Хабар-Сервис” ЖШС баспаханасында
басылды.
Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов көшесі 9/2,
Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс 33
Таралымы: 1981 дана.